

«Музыка» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2025 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Мақсаты: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «Музыка» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Уақыт	01	Музыка және уақыт Музыка уақыт толқынында Көнеден жеткен жетіген Біздің оркестр	Музыкалық форманың құрылымын анықтау: шумақ, шумақ-қайырма, бір бөлімді, екі бөлімді; Музыкалық жанрлар мен стильдерді анықтау және ажырату; Музыкалық шығармаларды интонация, әуен арқылы танып ажырату; Көркем образдарды аша отырып, түрлі әндерді сипаттау; Музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату
02	Сәулет өнері	02	Музыка және сәулет. Әлемдегі театрлар	
03	Өнер	03	Музыка және форма. Музыка және қозғалыс. Музыка және поэзия Музыка бейнелейді	
04	Атақты тұлғалар	04	Ұлы дала серілері	
		05	Жалынды ақын- күйшілер	
05	Су – тіршілік көзі	06	Өзеннің көркем нақыштары Айдынды шалқар аралым Су –ырыс көзі Су әуені	
06	Мәдени мұра	07	Домбыра-асыл мұра. Көне қобыз сарыны Атадан қалған жаухар жыр Әуелеген әсем әуен	Музыкалық шығарманың дыбыстауын түрлі орындауда тыңдатып анықтау және салыстыру; Музыкалық форманың сыныпикалық түрлерін ажырату: соната, рондо, вариация, симфония; Музыкалық форманың сыныпикалық түрлерін ажырату: соната, рондо, вариация, симфония; Ауызша және жазбаша жұмыстарда негізгі музыкалық ұғымдарды қолдану; Шығармаларды түрлі жанрлар мен стильдерде орындау; Ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау барысында нота сауаттылығының негіздерін қолдану
		08	Мәңгілік мұра	
07	Табиғат құбылыстары	09	Музыкадағы табиғат құбылыстары. Музыкадағы жыл мезгілдері	
08	Болашаққа саяхат	10	Ән, жыр әлемі - болашқта	
09	Қазақ халқының музыкалық мұрасы	11	Қазақ халық әнінің әуенділігі	
		12	Жыр,терме, күй және айтыс өнері.	

10	Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка	13	Қазақтың тұрмыс-салт әндері. Жаңғырған салт-дәстүр әндері	түрін және көркемдеуші құралдардың анықтау; Аспаптық стильдер мен жанрлар, айтыс түрлері анықтау; Қазақ халқының, музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау, дәстүрлі әнді анықтау, айтыскерлер туралы білу, аспаптық стильдер мен жанрлар, айтыс түрлері; Дәстүрлі әншілік мектептер мен композиторлардың шығармаларын салыстыру; Дәстүрлі халық әндері («Менің туған өлкемнің 30 әні мен әуені» аудиокаталогын құрастырудың бастапқы дағдыларын) және аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау; Түрлі әндерді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; Өлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру
11	Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі	14	Түркі, шығыс, еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі	
12	Музыка тілі – достық тілі	15	Қазақстан халықтарының музыкасы. Бір шаңырақ астында. «Менің – Отаным!»	
13	Классикалық музыканың үздік туындылары	16	Орган музыкасы. Симфониялық музыка. Опера және балет өнері	Өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау; Сыныпикалық музыка жанрлары мен түрлерін оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу; Көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру; Туған өлкенің кәсіби композиторларының шығармашылығы туралы білу; Эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау; Өртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру; Ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
		17	Қазақстанның кәсіби музыкасы	
14	Заманауи музыка мәдениеті	18	Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз музыкасы.	
15	Музыка және өнер түрлері	19	Музыка және театр, кино, бейнелеу өнерлері, поэзия.	
16	Музыка – өмір тынысы	20	Интеллектуалды музыка. Жан жадыратар әуен. Музыка және технология.	
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қазақ халқының музыкалық мұрасы: Қазақ халқы әнінің әуенділігі, айтыс өнері, күй құдіреті.

Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы: Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері, жаңғырған салт-дәстүр әндері, халық музыкасының интерпретациясы, халық музыкасын өңдеу.

Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі: Түркі, шығыс, еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі.

Музыка тілі – достық тілі: Қазақстан халықтарының музыкасы, бір шаңырақ астында, Менің – Отаным! Өз елім!.

Классикалық музыканың үздік туындылары: Орган және симфониялық музыка, опера және балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы.

Заманауи музыка мәдениеті: Джаз және эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар.

Музыка және өнер түрлері: Поэзия, бейнелеу өнері, театр, кино және музыка.

Музыка – өмір тынысы: Интеллектуалды музыка, жан жадыратар әуен, музыка және технология, дыбыстау және музыкамен көркемдеу.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Музыка 1-сынып, М.А. Оразалиева, С.Қ. Омарова, «Алматы кітап» баспасы 2019.

3. Музыка 1-сынып, Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов, Алматы «Атамұра» 2021.

4. Музыка 2-сынып, Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов, Алматы «Атамұра» 2017.

5. Музыка 3-сынып, Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов, Ж.Махамбетова, Алматы «Атамұра» 2018.

6. Музыка 4-сынып, Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов, Алматы «Атамұра» 2019.

7. Музыка 5-сынып, Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов, Алматы «Атамұра» 2017.

8. Музыка 6-сынып, А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова, М.Әбуғазы, Г.Ғизатова, Қазақ энциклопедиясы, Алматы 2018.